

## Банк конгломераттарының 2008 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жай-күйі

Қазақстанда 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша құрамына Қазақстан Республикасының 14 банкі кіретін 13 банк конгломераттары жұмыс істейді.

Банк конгломератының аталуы	Банк конгломераты мүшелерінің саны						
	Банк тер	Сақтандыру ұйымдары	Құнды қағаздар нарығында қызмет ететін ұйымдар	Зейнетақы қызмет ететін ұйымдар	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар	Қаржылық емес ұйымдар	Барлығы
"БТА Банк" АҚ	8	4	10	1	3	-	26
"Казкоммерцбанк" АҚ	4	2	8	2	-	2	18
"Альянс Банк" АҚ	2	3	4	-	1	8	18
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	4	3	5	1	-	8	21
"АТФБанк" АҚ	4	-	2	1	-	1	8
"Банк ЦентрКредит" АҚ	2	-	3	1	-	1	7
"Нурбанк" АҚ	1	1	2	2	-	1	7
"Банк "Каспийский" АҚ	1	1	1	-	-	-	3
"Евразийский Банк" АҚ	1	1	2	2	-	23	29
"Цеснабанк" АҚ	1	-	3	-	-	21	25
"ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН" АҚ	1	-	-	1	-	12	14
"Сеним-Банк" АҚ	1	-	-	-	-	1	2
"Казинкомбанк" АҚ	1	-	-	-	-	3	4
Барлығы	31	15	40	11	4	81	182

**Капитал.** Банк конгломераттарының жиынтық баланстық меншікті капиталы жылдың басынан 26,6 млрд. теңгеге немесе 1,8%-ға ұлғайып, 1 сәуірде 1 534,6 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының құрылымы мен өзгеруі	01.01.08		01.04.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	
Меншікті капитал, барлығы	1 508,0	100	1 534,6	100	1,8
Жарғылық капитал	533,6	35,4	628,2	40,9	17,7
Бөлінбеген пайда	585,1	38,8	597,9	38,5	2,2
Өзге капитал	389,3	25,8	308,2	20,1	-20,8

Банк конгломераттарының жиынтық есептік меншікті капиталы жылдың басынан 90 млрд. теңгеге немесе 4,86%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 сәуірде 1 939 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының капитал жеткіліктілігінің жиынтық көрсеткіші есепті күнде  $k = 0,14$  болды, бұл өткен есепті кезеңдегі көрсеткіштен 3,7%-ға (01.01.08ж.:  $k = 0,135$ ) жоғары.

Жиынтық меншікті капитал құрылымының 40,9%-ы (01.01.08ж. – 35,4%) жарғылық капиталдың үлесіне тиеді. Бөлінбеген пайданың жиынтық көлемі жылдың басынан елеулі ұлғайған жоқ және банк конгломераттарының

меншікті капиталының 38,5%-ын (01.01.08ж. – 38,8%) құрады. Өзге капитал үлесіне меншікті капиталдың жиынтық шамасының 20,1%-ы келеді, бұл жыл басындағы ұқсас көрсеткіштен 5,7%-ға (01.01.08ж. – 25,8%) аз.

**Активтер.** 2008 жылғы бірінші тоқсанда банк конгломераттарының активтері жылдың басынан 102,8 млрд.теңгеге (0,9%) ұлғайды да, есепті күнде 11 852,9 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық активтерінің құрылымы мен өзгеруі	01.01.08		01.04.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	Сомасы, млрд.теңге	Үлесі, %	
Активтер, барлығы	11 750,1	100	11 852,9	100	0,9
Ақшалай қаражат	904,8	7,7	1 008,7	8,5	11,5
Бағалы қағаздар	345,5	2,9	381,7	3,2	10,5
Берілген займдар	8 597,0	73,2	8 790,0	74,2	2,2
Басқа активтер	1 902,8	16,2	1 672,5	14,1	-12,1

Банк конгломераттарының активтер құрылымындағы барынша көп үлесті банк займдары алады – 74,2% (01.01.2008ж. жағдай бойынша – 73,2%), ақшалай қаражат үлесі – 8,5% (01.01.08ж. – 7,7%), бағалы қағаздар портфелі – 3,2% (01.01.08ж. – 2,9%), басқа активтер үлесі – 14,1% (01.01.08ж. – 16,2%) құрады.

Жиынтық активтердің ұлғаюы банк конгломераттарындағы ақша қаражатының және берілген займдардың көбеюіне байланысты болып келеді.



Банк конгломераттарының жиынтық активтері 83,6%-ға банк секторының активтерінен тұрады. Банк конгломераттарының бағалы қағаздар рыногында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға тиесілі активтерінің үлесі 10,0%-ды құрайды, банк конгломераты активтерінің үлесі қаржылық емес секторға 4,28%-дан, сақтандыру секторына – 1,15%-дан келеді.

### Үш ірі банк конгломераттары бойынша концентрация.

Қазақстанда 2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 3 ең ірі банк конгломераттарының активтері 7 706 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық активтерінен 65,2% құрады, міндеттемелер 6 755,0 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінен 65,4% құрады, жиынтық меншікті капитал 951,0 млрд.теңге немесе банк конгломераттарының жиынтық меншікті капиталының 61,9% құрады.


Банк Конгломераттары жиынтық көрсеткіштеріндегі үлесі	01.01.08		01.04.08	
	млрд.теңге	үлесі, %	млрд.теңге	үлесі, %

<b>Үш ең ірі банк конгломераттарының активтері</b>	7 665,6	65,0	7 706,0	65,24
"БТА Банк" АҚ	3 064,6	26,0	3 164,4	26,7
"Казкоммерцбанк" АҚ	2 997,2	25,5	2 874,1	24,2
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 603,7	13,5	1 667,6	14,0
<b>Үш ең ірі банк конгломераттарының міндеттемелері</b>	6 721,4	65,6	6 755,0	65,47
"БТА Банк" АҚ	2 612,6	25,5	2 701,3	26,2
"Казкоммерцбанк" АҚ	2 676,9	26,1	2 557,4	24,8
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 431,8	13,9	1 496,3	14,5
<b>Үш ең ірі банк конгломераттарының меншікті капиталы</b>	944,2	62,6	951,0	61,97
"БТА Банк" АҚ	452,0	30,0	463,0	30,2
"Казкоммерцбанк" АҚ	320,3	21,2	316,6	20,6
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	171,9	11,4	171,3	11,2

**Міндеттемелер.** Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелері 2008 жылғы бірінші тоқсанда 76,2 млрд.теңгеге (0,7%) өсіп, 10 318,2 млрд.теңге болды.

Банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы мен өзгеруі	01.01.08		01.04.08		Өсімі %
	Сомасы, млрд.теңге	Жиынтығы %	Сомасы, млрд.теңге	Жиынтығы %	
Міндеттемелер, барлығы	10 242,0	100	10 318,2	100	0,7
Клиенттердің қаражаты	3 680,3	35,9	4 056,0	39,3	10,2
Шығарылған бағалы қағаздар	2 847,9	27,8	2 825,7	27,4	-0,8
Алынған займдар	2 894,3	28,3	2 614,4	25,3	-9,7
Өзге міндеттемелер	819,5	8,0	822,0	8,0	0,5

Банк конгломераттары міндеттемелерінің құрылымындағы мейлінше көп үлесті – 39,3%-ды жылдың басынан 10,2%-ға өскен клиенттердің салымдары мен шоттары алады, шығарылған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер үлесі – 27,4% (01.01.08ж. – 27,8%), алынған займдар үлесі – 25,3% (01.01.08ж. – 28,3%) құрайды.



**Кірістілік.** Банк конгломераттарының ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында алған таза пайдасы 54,9 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткішінен 13,7 млрд.теңгеге немесе 33,1%-ға көп. Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,46% болса, табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 3,57% болды.